



- Балғын жастық кезең
- Ересектер психологиясы
- Қарттар психологиясы
- Қарттық жастағы психикалық
іс-әрекет



Балғын жастық кезең



Балаң жастық – адамның дене дамуының аяқталатын кезеңі. Бойдың ұзаруы жеткіншек кезеңге қарағанда баяулайды. Қыздардың бойының толуы орта есеппен 16 мен 17-нің арасында болады, жігіттерде 17 мен 18-дің арасы. Салмағы артады. Осының өзінде ер балалар қыздардан қалып келген есесін толтырады. Бұлшық ет күші өте тез өседі: 16 жаста ер бала 12 жастағысынан бұл тұрғыдан 2 есе алып түседі. Бойы толысқаннан кейін шамамен 1 жылдан кейін адам қалыпты ересектік бұлшық ет күшіне жетеді.



Барлық мүшелері мен мүшелер жүйесінің калыптасуы толығымен жетіледі

Жүйке жүйесі мен ішкі секреция бездерінің қызметі бірімен-бірі үйлесімді жүреді.

Эстетикалық көңіл күйі, ақыл-ой, жауапкершілігі және т. б. қасиеттер толық калыптасады.

Ағзадағы барлық физиологиялық үдерістердің жүруінде, міңезқұлық әрекеттерін басқаруда ми кыртысының реттеу қызметі артады.

Тежелу үдерісінің басымдылығы байқалады.

Жыныстық тұрғыдан да толық жетіледі

Адамның дене еңбегі мен ой еңбегінің жұмыс істеу қабілеті де арта түседі.

Жеке мүшелерінің өсуі тоқтайды.



Ересектер психологиясы



Ересек (25 – 61) адамның психика процестерінің шапшаңдылығы жастық шаққа қарағанда бірсыдырғы баяулау болғанымен, ол психика пластикасы жағынан жоғары тұрады. Бұл жаста адам өзін - өзі ұстай алады, мінезде салқындылық пен қулық та пайда бола бастайды. Өмірлік тәжірибе жинап, оны пайдалана біледі. Ересек шақтың да 3 кезеңі бар:

- Бастапқы – машықтану
- Орта – кемелдену
- Кейінгі - мосқалдану



Бастапқы – машықтану



Бірінші кезеңде мінез құлық барынша лабильді болса, ал үшіншісінде ол статистика жағына ауытқиды.

Ересектіктің бастапқы кезеңінде (25 - 37) психофизиологиялық процестердің жоғары динамизмі пластикалы түрде жүреді. Бұл үшінші мүшел. Сол себепті бұл кезеңде адамның белгілі бір мамандыққа өте тез машықтанып кетуіне мүмкіндігі үлкен.

Шығармашылық тұрғыда бұл пысық кезең барынша жемісті болып келеді.






Орта – кемелдену

Ересектіктің орта кезеңі (37 - 49) өмірдің де жерортасы осы төртінші мүшел. Бұл кезде мінез құлық барынша пластикалы. Ол - әр адам өмірінің “Алтын дәуірі”, өйткені осы кезеңде өмірлік тәжірибе, білімділік пен кәсіптік машықтану деңгейі ең жоғары сатыға көтеріледі. Осы жаста адамның өзіндік әлеуметтік бағыт- бағдары, тұрмыс – жағдайы болады.

Кейінгі - мосқалдану

- Ересектің кейінгі кезеңінде (49-61) мінез – құлық пластикалы болғанымен, психодинамика процесінің қарқыны едәуір бәсеңдеп қалған бесінші мүшел. Бұндай психика – субпластикалы. Бұл кезде мінездің астарына сақтық қосыла бастайды. Ол енді бұрынғыдай кеуде соғуды бәсеңдетеді де, сыпайылыққа көшеді. Сырт көзге мұндай адам инабаттылығымен ерекшеленіп тұрады. Халықта бұл кезеңді “екінші жастық” деп те атайды. Өйткені, бұл кезеңде адам алғаш рет өткен өміріне ойлы да сын көзбен қарай бастайды. Жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен, тіпті киген киімімен кейде жастарға еліктеп те көреді. Ертеде аталарымыз осы кезеңде қайта үйлену жағын да ойластырған... Әрине, олар іштей қарттыққа дайындалуды да ойлайды.



Қарттар

ПСИХОЛОГИЯСЫ



Кәртең кезеңде (61-73) психика барынша статикалы.

Бұндай сабырлы-салмақты алтыншы мүшелде жігіт ағалары басқаларға ақыл айтуды көбейтеді, кейде тым ақылгөйлiккеде салынып кетеді. Тiптi бұл “кемеңгерлерден” өз балалары да алшақтай бастайды. Сондықтан, олар немерелерiне ыстық ықылас бiлдiредi. Екiншi жағынан, бұл жастағылар көптi көрiптi, үлкен өмiрлiк тәжiрибе жинайды.

Дегенмен де, олар кей кезде маңайындағылардың мазасын алып, ығырқылады.

Қарттық жастағы психикалық іс-әрекеттер

Қарт адамдардың (85-тен жоғары) сегізінші мүшелде мінез-құлқы сенситивті-сезімтал типке жатады. Салыстырып қарасақ, бұл тип эмоциялы типтің теріс айналық бейнесі. Адуын мінез, қызбалық пен нерв жүйесінің қайраттылығы сөне келе кібірткіленеді, ал сезімтал мінез өкпешіл-ынжық күйге түседі. Балалық шақтағы ауыспалы эмоция кәріліктің қажырсыз сентитивтілігіне ауысады. Халқымыз “Кәрілік-екінші балалық” деп тегін айтпаған.



Назарларыңызға
РАХМЕТ!

